# ШЕШІМ
## Қазақстан Республикасының атынан

2024 жылғы 13 тамыз № 5501-24-00-2/2212 іс Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.С.Төлембекова, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» 6638 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
Сымбат Абытханқызы Шегебаева «Сымбат» жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІМІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы» 6638 әскери бөлімі республикалық мемлекеттік мекемесінің Сымбат Абытханқызы Шегебаева «Сымбат» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Сымбат Абытханқызы Шегебаева «Сымбат» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Сымбат Абытханқызы Шегебаева «Сымбат» жеке кәсіпкерден мемлекеттің кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған

(жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

**Судья** **А.Төлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 13.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024, судья Тюлембекова А. С., 24.09.2024

5501-24-3-1/2417